

Түркістан қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2016 жылғы 29 маусымдағы № 5/19-VI шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27 бабына және Оңтүстік Қазақстан облысының әділет департаментінің 2016 жылғы 11 мамырдағы № 2-26-3/3164, 2016 жылғы 6 маусымдағы № 2-26-3/3848, 2016 жылғы 8 маусымдағы № 2-26-3/3958 хаттарына сәйкес, Түркістан қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Түркістан қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

Қалалық мәслихат

сессиясының төрағасы

Қалалық мәслихат хатшысы

С.Арыстанов

Ғ.Сарсенбаев

Түркістан қалалық мәслихатының
2016 жылғы 29 маусымдағы
№ 5/19-VI шешіміне қосымша

Түркістан қалалық мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Түркістан қалалық мәслихатының 2014 жылғы 19 наурыздағы № 25/144-V " Түркістан қалалық мәслихатының регламентін бекіту туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 2606 тіркелген, 2014 жылғы 5 мамырдағы "Түркістан" газетінде № 21 жарияланған),

2. Түркістан қалалық мәслихатының 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 38/208-V " Түркістан қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 2966 тіркелген, 2015 жылғы 30 қаңтардағы "Түркістан" газетінде № 5 жарияланған),

3. Түркістан қалалық мәслихатының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 40/232-V " Түркістан қалалық мәслихатының регламентін бекіту туралы" Түркістан қалалық мәслихатының 2014 жылғы 19 наурыздағы № 25/144-V шешіміне өзгеріс енгізу туралы " шешімі (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 3111

тіркелген, 2015 жылғы 24 сәуірдегі "Түркістан" газетінде № 17 жарияланған),

4. Түркістан қалалық мәслихатының 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 52/291-V " Түркістан қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтерін бекіту туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 3567 тіркелген, 2016 жылғы 19 ақпандағы "Түркістан" газетінде № 9 жарияланған),

5. Түркістан қалалық мәслихатының 2016 жылғы 15 наурыздағы № 55/307-V " Түркістан қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" Түркістан қалалық мәслихатының 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 38/208-V шешіміне толықтыру енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 3655 тіркелген, 2016 жылғы 1 сәуірдегі "Түркістан" газетінде № 16 жарияланған).